

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
«Стоматология» мамандығы бойынша ЖБТ	Хаттама		Редакциясы: 1 2 беттің 1 беті

№1 Хаттама
«СТОМАТОЛОГИЯ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ЖБТ
28.08.2025 ж.

Төрағасы – Алтынбеков К.Д.
Хатшы – Магаева А.К.

Қатысқандар: «Денсаулық сақтау» дайындау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ төраға орынбасары Имашева Б.С., ЖБТ төрағасы, м.ғ.д., профессор Алтынбеков К.Д., ЖБТ төрағасының орынбасары м.ғ.к., асс. профессор Баскакова И.В., хирургиялық стоматология комитетінің төрайымы, м.ғ.д., профессор Мирзакулова Ұ.Р., балалар стоматологиясы комитетінің төрайымы, м.ғ.д., профессор Тулеутаева С.Т., м.ғ.к. терапиялық стоматология комитетінің төрайымы, профессор Суманова А.М.; (онлайн); ортодонтия комитетінің төрайымы, м.ғ.к., асс. профессор Кайкенова С.Е., АМУ КЕАҚ Стоматология мектебінің деканы м.ғ.к., доцент Деточкина В.Р.

Күн тәртібі

1. 2025-2026 оқу жылындағы «Стоматология» мамандығы бойынша төраға мен хатшы кандидатурасын талқылау.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Алтынбеков К.Д.: Құрметті әріптестер, 2024-2025 оқу жылы мен өткен жылдардағы жұмыс қорытындылары бойынша ЖБТ төрағасының орынбасарына, барлық комитеттердің төрағалары мен «Стоматология» мамандығы бойынша ЖБТ мүшелеріне алғыс айтуға рұқсат етіңіз. Бүгінгі таңда «Денсаулық сақтау» мамандығы бойынша РОӘК ОӘБ АМУ КЕАҚ -да орналасқандықтан, басқару тізгінін, атап айтқанда, МАБ төрағасының, төраға орынбасарының және хатшысының функционалдық міндеттерін АМУ КЕАҚ қызметкерлеріне беру орынды деп санаймыз.

ТЫҢДАЛДЫ:

Б.С.Имашева: Құрметті әріптестер, профессор К.Д.Алтынбековпен келісемін, Өз тарапымнан ЖБТ басшылығына және стоматологиялық мамандықтар бойынша комитеттердің бүкіл құрамына алғысымды білдіргім келеді. Қатысушылардан ЖБТ жаңа төрағасының кандидатурасы бойынша ұсыныстар естігіміз келеді.

И.В. Баскакова: Құрметті әріптестер, Деточкина Виолетта Робертқызының кандидатурасын - м.ғ.к., доцент, АМУ КЕАҚ Стоматология мектебінің деканы ЖБТ төрағасы ретінде қарауды ұсынамын. Виолетта Робертовна - үлкен педагогикалық қызмет өтілі бар оқытушы, тәжірибелі клиницист, стоматологиялық қызмет саласында танылған беделді, кәсіби стоматологиялық қауымдастықтың белсенді мүшесі.

Мирзакулова Ұ.Р.: Келісемін, қолдаймын.

Суманова А.М.: Келісемін, қолдаймын.

Алтынбеков К.Д.: Келісемін, қолдаймын.

Тулеутаева С.Т.: Келісемін, қолдаймын.

Деточкина В.Р.: Құрметті әріптестер, маған сенім білдіргендеріңізге алғыс білдіремін.

И.В. Баскакова: Құрметті Виолетта Робертовна, Сіз ЖБТ төрағасының орынбасары мен хатшысының міндетін атқару үшін кандидатураларды алдын ала айта аласыз ба?

В.Р. Деточкина: Мен ЖБТ хатшысының кандидатурасын айта аламын. Бұл - Стоматология мектебінің бас маманы, педагогика магистрі Эльмира Нұққызы Алжігітова.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	«Стоматология» мамандығы бойынша ЖБТ	Хаттама	Редакциясы: 1
			2 беттің 2 беті

ЖБТ төрағасының орынбасарына қатысты Комитеттердің төрағаларымен және ЖБТ мүшелерімен қосымша талқылаймыз деп ойлаймын.

Қ.Д. Алтынбеков: Құрметті әріптестер, егер басқа пікірлер мен ұсыныстар болмаса, сұрақты дауысқа саламын. Деточкина Виолетта Робертовнаның кандидатурасын бекітуді кім қолдайды - м.ғ.к., доцент, АМУ ҚЕАҚ Стоматология мектебінің деканы, ЖБТ төрағасы ретінде? Дауыс беруіңізді сұраймын.

Дауыс беру нәтижелері:

«Иә» - бірауыздан.

«Қарсы» - жоқ.

«Қалыс қалғандар» - жоқ.

Алтынбеков Қ.Д.: Құрметті әріптестер, сұрақты дауысқа саламын. Стоматология мектебінің бас маманы, педагогика магистрі Эльмира Нұкқызы Алжігітованың кандидатурасын ЖБТ хатшысы ретінде бекітуді кім қолдайды? Дауыс беруіңізді сұраймын.

Дауыс беру нәтижелері:

«Иә» - бірауыздан.

«Қарсы» - жоқ.

«Қалыс қалғандар» - жоқ.

ҚАБЫЛДАНДЫ:

1.1. Деточкина Виолетта Робертқызының кандидатурасы – АМУ ҚЕАҚ Стоматология мектебінің деканы, м.ғ.к., доцент «Стоматология» мамандығы бойынша ЖБТ төрағасы ретінде бекітілсін.

1.2. Стоматология мектебінің бас маманы, педагогика магистрі Эльмира Нұкқызы Алжігітованың кандидатурасы «Стоматология» мамандығы бойынша ЖБТ хатшысы ретінде бекітілсін.

ЖБТ төрағасы

 **Алтынбеков К.Д.**

Хатшы

 **Магаева А.К.**